



БЕКІТІЛДІ

Басқарма шешімімен  
« 08 » шілде 2019ж.  
№ 2 хаттама  
«ҚМУ» КЕАҚ Басқарма  
Төрағасы-Ректор

Р.С. Досмагамбетова

**«ҚМУ» КЕАҚ СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Құрастырған (дар): Унгарбаева А.А. Қолы: Урмашов А.Н. Қолы: Күні: 17.06.19	Тексерген (дер): Риклефс В.П. Қолы: Емершина А.Т. Қолы: Күні: 20.06.19	Келісілді: Карев О.В. Қолы: Күні: 24.06.19
---	---	---



## 1. Жалпы ережелер

1. «ҚМУ» КеАҚ студенттік өзін өзі басқару ол:

1) студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытуға, студент жастардың әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған бастамашыл, дербес қоғамдық қызметінің нысаны;

2) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, ЖОО-ның қоғамдағы беделі мен имиджін арттыруға бағытталған тиісті құқықтары, мүмкіндіктері мен жауапкершілігі бар студенттік демократияның нысаны;

3) студенттерді әлеуметтік-құқықтық қорғау құралы (ресурсы).

2. Студенттік өзін - өзі басқару бұл – студенттерге оқу, ғылыми жұмыс және кәсіби дағды сұрақтарының шешімін өз күшімен шешу процесіне жәрдемдесу.

3. Студенттік өзін-өзі басқару студенттердің кәсіби және мәдени-адамгершілік тұрғыда өзін-өзі ұйымдастырудың мүмкіндіктері мен перспективаларына саналы, жауапты көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

4. Студенттік өзін-өзі басқару заманауи қазақстандық қоғамның жоғары кәсіптік медициналық білімі бар маманның жеке басына қойылатын талаптарын және медициналық ЖОО түлегінің адамгершілік кодексін қалыптастыру қағидаттарын біріктіруге бағытталған.

5. «ҚМУ» КеАҚ қабырғасында білім алған маман даярлаудың құзыреттілік тәсілін іске асыруда студенттік өзін-өзі басқарудың орны мен рөлін айқындау.

6. Студенттік өзін-өзі басқару принциптері:

1) ғылымилық, жүйелілік, үздіксіздік және реттілік;


2) студент жастардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, жастар мәселелерін шешу тәсіліндегі демократия;

3) студент жастарға қатысты мәселелерді шешудегі тиімділік;

4) жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және жасына қарамастан барлық студент жастарды жан-жақты қамту.



## 2. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы



## 3. Функциялары

7. ЖОО әкімшілігіне білім беру қажеттіліктерін іске асыру үшін әлеуметтік - экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

8.Білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыруға қатысу.

9. Университет жастармен жұмыс жасау бөлімі іс-шараларының өткізілуіне жәрдемдесу.

10. Студенттік конференциялар, дөңгелек үстелдер, көрмелер, түлектер кездесулерін ұйымдастыру.

11. Академиялық адалдықты арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу.

12. «ҚМУ» КеАҚ, БАҚ сайттары арқылы студенттік өмірдің барлық жақтарының жариялылығын қамтамасыз ету.

Құжат: БЕ ҚМУ КЕАҚ 19-1 «ҚМУ» КЕАҚ студенттік өзін-өзі басқару туралы Ереже/ бет. бет. 3 -ші 17-ден

Жасалған күні: 17.06.19

Құрастырғандар: Унгарбаева А.А., Урмашов А.Н.



13. ЖОО аралық, өңіраралық және халықаралық байланыстарды нығайту.

14. ЖОО ПОҚ студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін, қазақстандық патриотизмді және жоғары моральдық қасиеттерді қалыптастыруға жәрдемдесу.

#### 4. Құқықтар мен жауапкершілік

15. «ҚМУ» КеАҚ студенттік өзін-өзі басқаруының құқықтары:

1) облыстық және қалалық жастар ұйымдарында, университет Сенатында, тәрбие жұмысы жөніндегі Кеңесте және ЖОО басқармасының отырысында университет студенттерінің мүдделерімен таныстыру және қорғау;

2) жастардың мүдделерін қорғау;

3) басқа жоғары оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен қарым-қатынас орнатуға;

4) Басқарма Төрағасы – ректордың алдында студенттерді моральды ынталандыру немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы өтініш жасауға;

5) студенттермен жұмысты жетілдіру бойынша Басқарма отырыстарына ұсыныстар енгізуге.

#### 5. Университет бөлімшелерімен өзара іс-әрекет

16. «ҚМУ» КеАҚ студенттік өзін-өзі басқару әрекеттеседі:

1) білім беру процесі мәселелері және академиялық жұмыс жөніндегі проректорымен;

2) конференциялар, дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар ұйымдастыруға жәрдемдесу және қатысу, ғылыми жарияланымдар мен университеттің ғылыми жобаларына, ғылыми үйірмелеріне қатысу мүмкіндіктері, ақпаратты жүйелеуді жүзеге асыру мәселелері бойынша стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректорымен, студенттік ғылыми қоғамның және жас ғалымдар кеңесінің төрағасымен;

3) спорттық жарыстарды өткізуге жәрдемдесу мәселесі бойынша «ҚМУ» КеАҚ спорттық клубымен;

4) мерекелік іс-шараларды, байқауларды, би кештерін және мұражайларға, театрларға, көрмелерге, экскурсияларға баруды ұйымдастыру мен өткізу мәселесі бойынша шығармашылық үйірмелердің жетекшілерімен;

5) студенттік құрылыс жасағы қызметін ұйымдастыруға жәрдемдесу мәселесі бойынша ақпараттандыру және инфрақұрылымды дамыту Департаментінің директорымен;



6) «Медик» газетінде және ЖОО сайтында университетте жүргізіліп жатқан жастар саясаты жөніндегі жұмыстарды жариялау мәселесі бойынша қоғаммен байланыс қызметінің басшысымен;

7) мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде тәртіпті қадағалау мен өзара іс-қимыл жасау, университет аумағында және жатақханаларда құқықтық тәртіпті сақтауға жәрдемдесу мәселесі бойынша ректордың көмекшісімен;

8) студенттердің құқықтық мәселелерде сауаттылығын арттыруға, студент жастардың құқықтық сауаттылығының өсуіне жәрдемдесуге, сыбайлас жемқорлықтың таралуын болдырмауға, студенттік ортада құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізу мәселесі бойынша заң бөлімінің басшысымен;

9) салауатты өмір салтын насихаттауға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу және қатысу мәселесі бойынша СӨС қалыптастыру жөніндегі комиссияның төрағасымен;

10) азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуге, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге, жастар арасында қоғамдық-саяси сауаттылықты дамытуға жәрдемдесу мәселесі бойынша құқықтық мәдениет пен кәсіби әдепті қалыптастыру жөніндегі комиссияның төрағасымен;

11) студенттердің деструктивті діни идеологияға иммунитетін тәрбиелеуге, діннің қоғамдағы орны мен ролін түсінуге жәрдемдесу мәселесі бойынша Діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі комиссияның төрағасымен.



Студенттік өзін-өзі басқару  
туралы Ережеге  
Қосымша №2

## МЕКТЕП ЖӘНЕ ФАКУЛЬТЕТТІҢ СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер


1. Мектептің және факультеттің студенттік өзін - өзі басқару комитеті (бұдан әрі-СӨӨБК) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы мектептерде студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылады.
2. СӨӨБК төрағасы мектеп активінің жалпы жиналысында сайланады.
3. СӨӨБК құрамы мектептердің ең белсенді студенттері арасынан сайланады.
4. СӨӨБК құрамына мектептердің мүдделеріне байланысты төраға, орынбасарлар, сектор басшылары кіреді.
5. СӨӨБК деканат алдында мектептердің жастар құрылымдарының өзіне жүктелген қызмет саласының жай-күйі үшін жауап береді.
6. Кеңес отырысы айына 1 рет өткізіледі.

### 2. Негізгі міндеттер

7. Мектептерде жастар саясатын жан-жақты жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізеді.
8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында баяндалған мектеп студенттерінің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.
9. Мектептердің студент жастары арасында құқыққа қарсы іс-қимылдардың алдын алу бойынша саясат жүргізеді.
10. Мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және жетілдіруге қатысады, студенттік топтарда шығармашылық және өзара көмек жағдайын қалыптастырады.
11. Мектеп студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, олимпиадалар, ғылыми конференциялар өткізуге жәрдемдеседі.
12. Мектептерде қаралымдар, байқаулар, фестивальдар ұйымдастырады.
13. Мектеп студенттерінің грант алуға арналған конкурстарға қатысуын қамтамасыз етеді.
14. Мектеп студенттерінің бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға көмектеседі.
15. Деканат шешімдерін орындау бойынша жұмысты ұйымдастырады.



### 3. Құрылымы және ұйымдастырылуы



### 4. Функциялар

16. Мектеп студенттерімен барлық мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге қатысады.

17. Секторлардың жоспарланған жұмысының орындалуын қадағалайды.

18. Оқу секторы-атаулы стипендиялар алуға конкурстар өткізуге, студенттерге қосымша білім беру мүмкіндіктері бойынша ақпарат беруге қатысуды жүзеге асырады, мектептердің үлгерімі төмен студенттеріне көмек ұйымдастырады.

19. Ғылыми сектор-мектеп студенттерінің ғылыми жарияланымдарының мүмкіндіктері және олардың ғылыми жобаларға қатысуы бойынша ақпаратты жүйелеуді жүзеге асырады.

20. Спорт-бұқаралық сектор-мектеп студенттеріне спортпен шұғылдану мүмкіндіктері, алдағы спартакиадалар, чемпионаттар туралы ақпарат беруге жәрдемдеседі.

21. Мәдени-бұқаралық сектор-мектептерде мерекелік іс-шаралар, конкурстар, дискотекалар, мұражайларға, театрларға бару, көрмелер, экскурсиялар және т. б. өткізуді ұйымдастырады.

22. Ақпараттық сектор-мерзімді баспасөз беттерінде мектептерде жүргізіліп жатқан жастар саясаты жөніндегі жұмысты жариялайды.

23. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру секторы - мектеп студенттері арасында салауатты өмір салтын насихаттауға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

24. СӨӨБК-нің құқықтық және патриоттық тәрбие беру секторы-мектеп студенттерін азаматтыққа, патриотизмге, мемлекеттік рәміздерге құрметке тәрбиелеуге жәрдемдеседі.

25. Діни экстремизмнің алдын алу секторы-студенттердің деструктивті діни идеологияға иммунитетін тәрбиелеуге, діннің қоғамдағы орны мен рөлін түсінуге ықпал етеді.



## **5. Құқықтар мен жауапкершілік факультеттің студенттік өзін-өзі басқару Комитеті құқылы:**

26. Өз отырыстарында сектор жетекшілерін, жатақхананың студенттік өзін-өзі басқару комитетінің төрағасын тыңдау.

27. Университеттің жастар ұйымдарында, университет Сенатында мектеп студенттерін таныстыру.

28. Мектеп жастарының мүдделері мен мәселелерін қорғау.

29. Белгіленген тәртіппен мектептердегі студенттік өмір мәселелері бойынша жиналыстардың, кеңестердің жұмысына қатысу.

30. Басқа мектептердің студенттік өзін-өзі басқару комитеттерімен байланыс орнату.

31. Деканға студенттерді материалдық және моральдық ынталандыру немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы өтініш беру.

32. Деканатқа мектептердің жастар саясаты саласындағы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

## **6. Университет бөлімшелерімен өзара іс-әрекет**

33. Мектептердің студенттік өзін-өзі басқару комитеті өзара іс-әрекет жасайды.

1) Факультет деканы атаулы стипендиялар алуға арналған конкурстарды өткізуге, студенттерге қосымша білім беру мүмкіндіктері бойынша ақпарат беруге қатысуды жүзеге асыру мәселесі бойынша мектептердің үлгерімі төмен студенттеріне көмек ұйымдастырады;

2) «Медик» газетінде, ЖОО-ның ресми сайтында және мектептерде өткізілетін Жастар саясатының әлеуметтік желілерінде жариялау мәселесі бойынша қоғаммен байланыс қызметінің басшысымен;

3) студенттердің ғылыми жарияланымдарының мүмкіндіктері және олардың ғылыми жобаларға қатысуы бойынша ақпаратты жүйелеуді жүзеге асыру мәселесі бойынша «Самұрық» СР ғылым министрімен;

4) студенттерге спортпен шұғылдану мүмкіндіктері туралы, алдағы спартакиадалар, чемпионаттар туралы ақпарат беруге жәрдемдесу мәселесі бойынша «Самұрық» СР спорт министрімен;

5) мектептерде мерекелік іс-шараларды, конкурстарды, дискотекаларды, мұражайларға, театрларға, көрмелерге, экскурсияларға бару және т. б.



«ҚМУ» КЕАҚ студенттік өзін-өзі басқару туралы Ереже



БЕ ҚМУ КЕАҚ 19-1  
1 Нұсқа

ұйымдастыру және өткізу мәселесі бойынша «Самұрық» СР мәдениет министрімен.

Құжат: БЕ ҚМУ КЕАҚ 19-1 «ҚМУ» КЕАҚ студенттік өзін-өзі басқару туралы  
Ереже/ бет. бет. 15 -ші 17-ден  
Жасалған күні: 17.06.19  
Құрастырғандар: Унгарбаева А.А., Урмашов А.Н.